

Утвержден
 Правлением АО «Нурбанк»
 Протокол №102 от «28» декабря 2018г.
 с изменениями и дополнениями, утвержденными
 Правлением АО «Нурбанк» (протокол №33 от 26.04.2019г.),
 вступившими в силу с 06.05.2019г., с изменениями,
 утвержденными Правлением АО «Нурбанк» (протокол №50 от 02.06.2021г.),
 с изменениями, утвержденными Правлением АО «Нурбанк» (протокол №89 от 01.10.2021 г.),
 с изменениями, утвержденными Правлением АО «Нурбанк» (протокол № 49 от 12.06.2023 г.).

<p style="text-align: center;">Нурбанк» АҚ-дағы жеке тұлғаның ағымдағы банктік және (немесе) жинақ шоты туралы келісімшарт (қосылу туралы келісімшарт)</p>	<p style="text-align: center;">Договор банковского текущего и (или) сберегательного счета физического лица в АО «Нурбанк» (договор присоединения)</p>
<p>«Нурбанк» АҚ-дағы жеке тұлғаның ағымдағы банктік және (немесе) жинақ шоты туралы осы келісімшарт қосылу туралы келісімшарт болып табылады және ол келісімшартта көрсетілген төлем қызметтерін көрсетудің стандартты шарттарын белгілеп береді.</p>	<p>Настоящий Договор банковского текущего и (или) сберегательного счета физического лица в АО «Нурбанк» является договором присоединения и определяет стандартные условия оказания АО «Нурбанк» указанных в нем платежных услуг.</p>
<p style="text-align: center;">1. Терминдер мен анықтамалар</p> <p>Банк – филиалдарын қоса есептегендегі «Нурбанк» АҚ; банктік құпия – «Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңының 50-бабында көрсетілген мәліметтер Банктің интернет-ресурсы – Банктің корпоративтік интернет-ресурсы: www.nurbank.kz; салым - Келісімшартқа қосылу туралы Өтініштің негізінде Банк Клиенттен қабылдайтын ақша, ол ақшаны пайдаланғаны үшін Банк Клиентке Келісімшартта және (немесе) Келісімшартқа қосылу туралы Өтініште қарастырылған мөлшерде және тәртіпте сыйақы төлейді; сыйақы – Келісімшартқа қосылу туралы Өтініште көрсетілген шарттарға сәйкес салымның негізгі (номиналды) сомасына қатысты пайыздық көрсеткіште есептелген, жинақ шотында орналасқан ақшаны пайдаланғаны үшін Банктің Клиентке төлейтін ақша сомасы; ҚЗК/ТҚ және ЖҚЖҚТҚ ААКҚТ мақсатындағы ішкі бақылау - Банктің ішкі нормативтік құжаттарының шеңберінде жүзеге асырылатын, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар қолдану мақсатында және жаппай қырып-жою қаруын тарату мен оны қаржыландырудың алдын алу, оған кедергі келтіру және тоқтату мақсатында шаралар қолданудан тұратын, қаржылық мониторингті іске асыру; Мемлекеттік корпорация – «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес Акционерлік қоғам; Келісімшарт – «Нурбанк» АҚ-дағы жеке тұлғаның ағымдағы банктік және (немесе) жинақ шоты туралы осы келісімшарт, ол қосылу туралы келісімшарт болып табылады және оның құрамына оның ажыратылмас бөлшектері (қосымшалар, Банк қабылдап алған Келісімшартқа қосылу туралы өтініш) кіреді; Банктер туралы заң – Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банктік қызмет туралы» Заңы;</p>	<p style="text-align: center;">1. Термины и определения</p> <p>Банк – АО «Нурбанк», включая филиалы; банковская тайна – сведения, указанные в статье 50 Закона Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан»; интернет-ресурс Банка – корпоративный интернет-ресурс Банка: www.nurbank.kz; вклад – деньги, принимаемые Банком от Клиента на основании Заявления о присоединении к Договору, за пользование которыми Банк выплачивает Клиенту вознаграждение в размере и порядке, предусмотренном Договором и (или) Заявлением о присоединении к Договору; вознаграждение – денежная сумма, выплачиваемая Банком Клиенту за пользование деньгами, размещенными на сберегательном счете, рассчитанная в процентном выражении к основной (номинальной) сумме вклада в соответствии с условиями, указанными в Заявлении о присоединении к Договору; внутренний контроль в целях ПОД/ФТ и ПВП ФРОМУ – осуществление финансового мониторинга, заключающееся в принятии мер в целях противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, финансированию терроризма, и в целях предупреждения, воспрепятствования и прекращения финансированию распространения оружия массового уничтожения, реализуемого в рамках внутренних нормативных документов Банка; Государственная корпорация – некоммерческое Акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан»; Договор – настоящий Договор банковского текущего и (или) сберегательного счета физического лица в АО «Нурбанк», являющийся договором присоединения и включающий в себя все неотъемлемые его части (приложения, Заявления о присоединении к Договору, принятые Банком); Закон о банках – Закон Республики Казахстан «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан»; Закон о платежах - Закон Республики Казахстан «О платежах и платежных системах»; Закон ПОД/ФТ - Закон Республики Казахстан «О противодействии легализации (отмыванию) доходов,</p>

<p>Төлемдер туралы заң - Қазақстан Республикасының «Төлемдер мен төлем жүйелері туралы» Заңы;</p> <p>КЗК/ТҚ заңы – Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;</p> <p>баланың заңды өкілдері – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаға қамқорлық көрсетуші, білім, тәрбие беруші, құқығы мен мүддесін қорғаушы ата-ана, асырап алушы, қамқоршы немесе тәрбиеші, асырап алған ата-анасы, патронатты тәрбиеші және басқа орнын басушы тұлғалар;</p> <p>Келісімшартқа қосылу туралы Өтініш – Келісімшартқа қосылу және Шот ашу туралы Банктің үлгісінде толтырылған Клиенттің жазбаша берген Өтініші немесе «Nurbank24» интернет-банкинг арқылы бірреткі кодты пайдалана отырып, динамикалық сәйкестендіру жолымен электронды түрде толтырылған Клиенттің Келісімшартқа қосылу және Шот ашу туралы өтініші;</p> <p>ЖСК – жеке сәйкестендіру коды (Шот нөмірі);</p> <p>ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;</p> <p>Клиент – Келісімшартқа қосылған немесе қосылуға ниетті жеке тұлға;</p> <p>Ұялы байланыс операторы – Қазақстан Республикасының аумағында ұялы байланыс қызметтерін көрсететін заңды тұлға;</p> <p>операциялық күн – Банктің жеке тұлғаларға қызмет көрсететін уақыт кезеңі;</p> <p>дербес мәліметтер – электронды, қағаз және/немесе басқа да материалдық тасымалдағышта тіркелген, Клиентке қатысты мәліметтер;</p> <p>төлем қызметтері – Банктің Келісімшартқа сәйкес, өз филиалдары мен бірнеше мекенжайларда орналасқан қосымша жайлары арқылы көрсететін келесі қызметтері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Шоттарды ашу, жүргізу және жабу бойынша қызметтері; 2) шотқа, соның ішінде үшінші тұлғалардың шотына енгізу үшін қолма-қол ақша қабылдау қызметі; 3) төлемдерді қабылдау мен жасау және (немесе) ағымдағы банктік шотты пайдалана отырып, ақша аудару қызметтері; <p>№208 Ереже – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 31.08.2016 ж. №208 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол емес төлемдер жасау және (немесе) ақша аудару ережелері;</p> <p>өкіл – сенім берілген тұлға, яғни Шотта операция жүргізілген кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте рәсімделген, нотариалды түрде расталған сенімхат негізінде Клиенттің атынан іс-әрекет ететін, Шот ашуға (жабуға) және өкім етуге уәкілетті тұлға;</p> <p>арнайы (ағымдағы) шот – мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, ұсталған сомалар мен басқа да төлемдерді аударуға арналған ағымдағы банктік шот немесе мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай зейнетақы жинау қорынан, еркін жинақтаушы зейнетақы қорына зейнетақыларды аударуға арналған банктік (ағымдағы) шот;</p> <p>Тараптар – Банк пен Клиент;</p> <p>Шот – Банкте ашылған ағымдағы банктік және (немесе) банктік жинақтау шоты;</p>	<p>полученных преступным путем, и финансированию терроризма»;</p> <p>законные представители ребенка - родители (родитель), усыновители (удочерители), опекун или попечитель, приемный родитель (приемные родители), патронатный воспитатель и другие заменяющие их лица, осуществляющие в соответствии с законодательством Республики Казахстан заботу, образование, воспитание, защиту прав и интересов ребенка;</p> <p>Заявление о присоединении к Договору – письменное заявление Клиента по форме Банка о присоединении к Договору и открытию Счета или заявление Клиента о присоединении к Договору и открытию Счета, заполненное в электронном виде путем динамической идентификации с использованием одноразового кода через интернет-банкинг «Nurbank24»;</p> <p>ИИК - индивидуальный идентификационный код (номер Счета);</p> <p>ИИН - индивидуальный идентификационный номер;</p> <p>Клиент - физическое лицо, присоединившееся либо намеревающееся присоединиться к Договору;</p> <p>Оператор мобильной связи – юридическое лицо, предоставляющее услуги мобильной связи на территории Республики Казахстан;</p> <p>операционный день - период времени, в течение которого Банком осуществляется обслуживание физических лиц;</p> <p>персональные данные – сведения, относящиеся к Клиенту, зафиксированные на электронном, бумажном и/или ином материальном носителе;</p> <p>платежные услуги – оказываемые Банком согласно Договору через свои филиалы и их дополнительные помещения, находящиеся по нескольким адресам, следующие услуги:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) услуги по открытию, ведению и закрытию Счетов; 2) услуги по приему наличных денег для зачисления на Счет, в том числе третьих лиц; 3) услуги по приему и осуществлению платежей и (или) переводов денег с использованием банковского текущего счета; <p>Правила №208 – Правила осуществления безналичных платежей и (или) переводов денег на территории Республики Казахстан, утвержденные постановлением Национального Банка Республики Казахстан от 31.08.2016г. №208;</p> <p>представитель – поверенный, т.е. лицо, уполномоченное представлять Клиента при проведении операций по его Счету на основании нотариально удостоверенной доверенности, оформленной в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, на открытие (закрытие) и распоряжение Счетом; законные представители;</p> <p>специальный (текущий) счет - банковский текущий счет, предназначенный для зачисления пособий, удержаний и иных выплат, выплачиваемых из государственного бюджета и (или) Государственного фонда социального страхования, или банковский (текущий) счет, предназначенный для зачисления пенсий, выплачиваемых из государственного бюджета и (или) единого накопительного пенсионного фонда, и (или) добровольного накопительного пенсионного фонда;</p> <p>Стороны – Банк и Клиент;</p> <p>Счет – банковский текущий и (или) банковский сберегательный счет, открытый в Банке;</p> <p>счет для зачисления алиментов – банковский текущий счет, предназначенный для зачисления денег, предназначенных на содержание несовершеннолетних и нетрудоспособных совершеннолетних детей;</p> <p>телефонный номер – зарегистрированный номер мобильной</p>
---	---

<p>алименттерді есепке жатқызуға арналған шот - кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған банктік ағымдағы шот;</p> <p>телефон нөмірі – Клиенттің Өтініште немесе басқа өтініште (телефон нөмірі өзгергенде/ұялы телефон жоғалған кезде) көрсеткен, Ұялы байланыс операторы SIM-картаға берген ұялы байланыстың тіркелген нөмірі, аталған нөмірді қолдана отырып, SMS- хабарлама қызметі көрсетілетін болады;</p> <p>уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі;</p> <p>Қызметтер – Банктің жеке тұлғаларға көрсететін төлем қызметтері (төлем карточкасы мен банктік шоттарды қолдана отырып, «эскроу» режимінде ашылатын ағымдағы шоттарды ашу, жүргізу жабуы қызметтерін қоспағанда), шоттарда қолма-қол емес ақша айырбастау және Банк Келісімшарт бойынша көрсететін басқа да қызметте;</p> <p>SMS-хабарлама/SMS-хабарлама қызметі – Келісімшарттың шарттарында ашылған, Клиенттің жинақ шотындағы (-тары) шығыс операциялары туралы SMS- хабарлама жіберуге қатысты Банктің Клиентке көрсететін қызметі.</p>	<p>связи, присвоенный Оператором мобильной связи SIM-карте, указанный Клиентом в Заявлении или ином заявлении (при изменении телефонного номера/в случае утери мобильного телефона), с использованием которого предоставляется услуга SMS-уведомления;</p> <p>уполномоченный орган – Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка;</p> <p>Услуги – платежные услуги (за исключением открытия, ведения, закрытия текущих счетов с использованием платежной карточки и банковских счетов, открываемых в режиме «эскроу»), оказываемые Банком физическим лицам, безналичная конвертация по Счетам и иные услуги, оказываемые Банком по Договору;</p> <p>SMS-уведомление/услуга SMS-уведомления – услуга, оказываемая Банком Клиенту по предоставлению SMS-уведомления о расходных операциях по сберегательному (-ым) счету (-ам) Клиента, открытому (-ых) на условиях Договора.</p>
<p style="text-align: center;">2. Жалпы ережелер</p> <p>2.1. Келісімшарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес Тараптар арасында жасалған қосылу келісімшарты болып табылады, оның шарттарын Клиент Келісімшартқа толықтай қосылу арқылы ғана қабылдай алады.</p> <p>2.2. Келісімшарт Банктің интернет-ресурсында жарияланған.</p> <p>2.3. Банкпен ерекше қатынастармен байланысқан тұлғалармен мәміле жасаудың типтік шарттарын Банктің Директорлар кеңесі бекіткен жағдайларды қоспағанда, мұндай мәмілелер жасау Банктің Директорлар кеңесінің шешімімен ғана жүзеге асуы мүмкін. Банктер туралы заңның талаптарына сәйкес Банкпен ерекше қатынаста байланысқан тұлғаларға жеңілдік шарттарын ұсынуға тыйым салынады.</p> <p>2.4. Қызметтер, Келісімшарт бойынша қызмет көрсетудің ең ұзақ мерзімі, Клиенттің Банкке нұсқаулық берудің мүмкін тәсілдері және қандай да бір тәсілдердің артықшылықтары, қажетті құжаттардың тізімі, Банк тарифтерінің көлемі туралы толық ақпаратты және қызметтер алуы үшін Клиентке қажетті басқа да ақпаратты Клиент Банктің филиалына немесе бірнеше мекенжайларда орналасқан оның қосымша жайларына тікелей жүгінгенде (ауызша және (немесе) жазбаша) немесе телефон нөмірлері (<u>2552, +7727 244 44 44, +7727 250 00 00</u>) арқылы Банктің Байланыс орталығынан ала алады, сонымен қатар Банктің интернет-ресурсында орналасқан ақпаратпен және Банктің интернет-ресурсында орналасқан «Нұрбанк» АҚ-да Операциялар жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелер жинақталған ақпараттармен таныса алады.</p> <p>2.5. Банктің Келісімшартта қарастырылмаған қызметтің басқа түрлерін көрсету жолдары жеке келісімшарттарда, келісімдерде реттелуі мүмкін.</p>	<p style="text-align: center;">2. Общие положения</p> <p>2.1. Договор является договором присоединения, заключаемым Сторонами в соответствии с положениями статьи 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан, условия которого могут быть приняты Клиентом не иначе, как путем присоединения к Договору в целом.</p> <p>2.2. Договор опубликован на интернет-ресурсе Банка.</p> <p>2.3. Сделка с лицом, связанным особыми отношениями с Банком, может быть осуществлена только по решению Совета директоров Банка, за исключением случаев, когда типовые условия таких сделок утверждены Советом директоров Банка. В соответствии с требованиями Закона о банках предоставление льготных условий лицам, связанным с Банком особыми отношениями, запрещается.</p> <p>2.4. Подробную информацию об Услугах, максимальный срок оказания платежных услуг по Договору, возможные способы и преимущества того или иного способа предоставления указания Клиента в Банк, перечень необходимых документов, размеры тарифов Банка и иную необходимую Клиенту информацию для получения Услуг, Клиент может получить непосредственно при обращении в филиалы Банка или их дополнительные помещения, находящиеся по нескольким адресам (устно и (или) письменно), или в Контактный центр Банка по номеру телефона (<u>2552, +7727 244 44 44, +7727 250 00 00</u>), а также ознакомиться с информацией, размещенной на интернет-ресурсе Банка, и содержащейся в Правилах об общих условиях проведения операций АО «Нурбанк», размещенных на интернет-ресурсе Банка.</p> <p>2.5. Предоставление Банком иных видов услуг, не предусмотренных Договором, может регулироваться отдельными договорами, соглашениями.</p>

3. Келісімшартқа қосылу шарттары

3.1. Келісімшартқа қосылу туралы Өтінішке қолын қою арқылы немесе «Nurbank24» интернет-банкингтің көмегімен бірреткі кодты пайдалана отырып, динамикалық сәйкестендіру жолымен электронды түрдегі Келісімшартқа қосылу туралы Өтінішті толтыру арқылы және Банк Келісімшартқа қосылу туралы Өтінішті қабылдаған кезде Клиент Келісімшартқа қосылады. Банк Келісімшартқа қосылу туралы Өтінішке Клиенттің шотына берілген нөмірді көрсетеді, Банк екінші нұсқасын Клиентке береді.

3.2. Келісімшартқа қосыла отырып, Клиент келесі жағдаяттарды растайды және онымен келіседі:

- Келісімшарттың стандартты шарттарын алғанын, оқығанын, түсінгенін және ешқандай ескертулерсіз және қарсылықсыз онымен толықтай келісетінін және Келісімшарттың барлық ережелерін уақтылы және толық көлемде орындауды міндеттенеді;

- Келісімшарттың шарттарын орындамау және/немесе лайықты орындамау салдарынан келуі мүмкін жағымсыз салдардың барлығын өз мойнына алатынын;

- Клиент Банктің Қызмет көрсетудегі барлық шарттарымен және тәртібімен келісетінін;

- Келісімшарттың барлық шарттары толығымен оның мүддесіне және еркіне сәйкес келетініне;

- егер Банкте Келісімшартқа қосылу туралы Өтініштің нұсқасы болса, Келісімшартты оқымағанының/түсінбегінің/қабыл етпегенінің дәлелі ретінде Келісімшартта қолының болмауына сілтеме жасауға Клиенттің құқығы жоқ;

- егер Клиент Келісімшарттың шарттарында ағымдағы банктік шот қана ашатын болса, онда Келісімшарттың ағымдағы банктік шот ашуды, жүргізу мен жабуды анықтап беретін шарттары ғана оған қатысты қолданылатынын Клиент түсінеді; сондай-ақ, осы Келісімшартта қарастырылған салымның шарттары, жинақ шоттарын ашу/жүргізу/жабу тәртібі Банк пен Клиент арасында жасалған, басқа кез келген келісімшарттар негізінде Банкке орналастырылған Клиенттің салымына қатысты болмайтынын Клиент түсінеді.

3.3. Клиент Келісімшартқа қосыла отырып, Шотты кәсіпкерлік, адвокаттық, жеке нотариалдық қызметтер, жеке сот орындаушының қызметіне қатысты операциялар жүргізуде және кәсіби медиатор қызметіне пайдаланбайтынына, сондай-ақ қызметтік жолмен алынған ақшамен Шотты толтыру жағдайларын болдырмайтынына кепілдік береді.

3.4. Клиенттің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының, оның ішінде ҚЗҚ/ТҚ және ЖҚЖҚТҚ ААККТ мақсатындағы ішкі бақылауды сипаттайтын Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес жағымды түрде сәйкестендірілуі Клиентке Келісімшартта қарастырылған қандай да бір Қызметтерді ұсынудың шарты болып табылады.

3.5. Клиентте/өкілде телефон нөмірі мен Келісімшарт аясында Клиентке ашылған жинақ шоты болған жағдайда, Банк Келісімшарт аясында Клиентке/өкілге SMS-хабарлама қызметін көрсете алады. SMS-хабарлама қызметін көрсету (қосу) мерзімін 12 (он екі) ай құрайды.

SMS-хабарлама қызметіне қосылуға Клиенттің/өкілдің өтінішінде көрсетілген Банктің

3. Условия присоединения к Договору

3.1. Клиент присоединяется к Договору путем подписания Заявления о присоединении к Договору или путем заполнения Заявления о присоединении к Договору в электронном виде путем динамической идентификации с использованием одноразового кода через интернет-банкинг «Nurbank24», и принятия Банком Заявления о присоединении к Договору. Банк указывает номер, присвоенный Счету Клиента, на Заявлении о присоединении к Договору, второй экземпляр которого Банк передает Клиенту.

3.2. Присоединяясь к Договору, Клиент подтверждает и соглашается с тем, что:

- получил, прочитал, понял и согласился с положениями стандартных условий Договора в полном объеме, без каких-либо замечаний и возражений и обязуется своевременно и в полном объеме выполнять все положения Договора;

- принимает на себя все возможные неблагоприятные последствия неисполнения и/или ненадлежащего исполнения положений Договора;

- Клиент соглашается со всеми условиями и порядком осуществления Банком Услуг;

- все положения Договора в полной мере соответствуют интересам и волеизъявлению Клиента;

- Клиент не вправе ссылаться на отсутствие его подписи в Договоре, как доказательство того, что Договор не был им прочитан/понят/принят, если у Банка имеется экземпляр Заявления о присоединении к Договору;

- Клиент понимает, что если на условиях Договора Клиент открывает только банковский текущий счет, то приемлемыми для него условиями являются только те условия Договора, которые определяют открытие, ведение и закрытие текущего банковского счета; также, Клиент понимает, что условия вкладов, порядок открытия/ведения/закрытия сберегательных счетов, предусмотренные настоящим Договором, не распространяются на вклады Клиента, размещенные в Банке на основании любых иных договоров, заключенных между Банком и Клиентом.

3.3. Присоединяясь к Договору, Клиент гарантирует, что не будет использовать Счет для проведения операций, связанных с предпринимательской, адвокатской, частной нотариальной деятельностью, деятельностью частного судебного исполнителя и деятельностью профессионального медиатора, а также исключит случаи пополнения Счета деньгами, полученными преступным путем.

3.4. Условием для предоставления Клиенту той или иной Услуги, предусмотренной Договором, является положительная идентификация Клиента в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и внутренних нормативных документов Банка, в том числе внутренних нормативных документов Банка, описывающих внутренний контроль в целях ПОД/ФТ и ПВП ФРОМУ.

3.5. В рамках Договора Банком может быть предоставлена Клиенту/представителю услуга SMS-уведомления при наличии у Клиента/представителя телефонного номера и открытого Клиенту сберегательного счета в рамках Договора. Срок оказания услуги SMS-уведомления (подключение) 12 (двенадцать) месяцев.

Банк подключает SMS-уведомление в течение 1 (одного) рабочего дня, следующего за днем принятия Банком заполненного Клиентом/представителем заявления на подключение к услуге SMS-уведомления по форме Банка на указанный в этом заявлении телефонный номер и уплаты комиссии согласно тарифам Банка.

Подписывая заявление на подключение к услуге SMS-

<p>формасында толтырған өтінішті Банк қабылдап алғаннан және Банк тарифтеріне сәйкес комиссия төлегеннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банк сол өтініште көрсетілген телефон нөміріне SMS-хабарлама қызметін қосады.</p> <p>SMS-хабарлама қызметіне қосылу өтінішіне қолын қойған Клиент Келісімшартта көрсетілген ережелердің SMS-хабарлама қызметін алған кездегі Клиентке қатысты екендігін растайды және келіседі.</p>	<p>уведомления, Клиент подтверждает и соглашается, что положения, указанные в Договоре, относятся к Клиенту при получении им услуги SMS-уведомления.</p>
<p style="text-align: center;">4. Қызметтерге төлем жасау</p> <p>4.1. Клиент Келісімшарт бойынша көрсетілген Қызметтер үшін және Банк тарифтерінде белгіленген көлемде Банкке комиссиялар төлейді. Тарифтердің мөлшері мен өзгеруі туралы, Банктің операциялық күнінің ұзақтығының өзгеруі туралы ақпарат Банктің: www.nurbank.kz интернет-ресурсында орналастырылады. Клиент тиісті күнге Банк белгілеген комиссиялардың мөлшерін, Банктің операциялық күнінің ұзақтығының өзгерістері туралы Банктің жайларында және/немесе Банктің: www.nurbank.kz интернет-ресурсында дербес білуге міндетті. Банк тарифтердің өзгеруі туралы, операциялық күннің ұзақтығының өзгеруі туралы Клиентті тиісті өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарламаны Банктің жайларында және (немесе) Банктің: www.nurbank.kz интернет-ресурсында орналастыру арқылы хабардар етеді. Банк Клиенттің тарифтердің өзгеруі, Банктің операциялық күнінің ұзақтығының өзгеруі туралы хабардар болмауы үшін жауап бермейді.</p> <p>4.2. Төлемдік қызметтерге жатпайтын төлемдер, сондай-ақ халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жасағаны үшін Банк осындай Қызметтерге төлем жасалған күні қолданыста болған көлемде комиссия алады.</p> <p>4.3. Банк көрсеткен Қызметтер үшін есептелген Банк тарифтерінің көлемі Банктің интернет-ресурсында көрсетіледі. Банк Клиентті тиісті өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарламаны Банктің: www.nurbank.kz интернет-ресурсында және/немесе хабарламаны Банктің жайларында орналастыру арқылы хабардар ете отырып, халықаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде алынатын комиссиялар мөлшерін, сондай-ақ төлем қызметтеріне жатпайтын қызметтер үшін комиссиялар мөлшерін біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы.</p> <p>4.4. Төлем қызметтері бойынша тарифтер Тараптардың келісімі бойынша келесі тәртіппен ұлғайту жағына өзгертілуі мүмкін: Клиентті тиісті өзгерістер қолданысқа енгізілгенге дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарламаны Банктің жайларында және/немесе Банктің: www.nurbank.kz интернет-ресурсында орналастыру арқылы хабардар етумен, өзгермелі тарифтермен тарифтердің өзгеруі туралы ақпарат Банктің: www.nurbank.kz интернет-ресурсында орналастырылады. Клиенттің Банкке олардың күшіне енуіне дейін төлем қызметтері бойынша тарифтердің ұлғаю жағына өзгеруімен келіспейтіндігі туралы жазбаша хабарламаны бермеуі, Клиенттің Банк тарифтерінің өзгеруімен келісетінін білдіреді және тарифтердің өзгеруіне Тараптар келіскен болып есептеледі. Клиенттің келісіміне басқа жазбаша растама</p>	<p style="text-align: center;">4. Оплата Услуг</p> <p>4.1. Клиент оплачивает Банку комиссии за оказываемые по Договору Услуги в размере, установленном тарифами Банка. Информация о размере и изменениях тарифов, об изменениях продолжительности операционного дня Банка размещается на интернет-ресурсе Банка: www.nurbank.kz. Клиент обязан самостоятельно узнавать размер установленных Банком на соответствующую дату комиссий, об изменениях продолжительности операционного дня Банка в помещениях Банка и/или на интернет-ресурсе Банка: www.nurbank.kz. Уведомление Клиента об изменении тарифов, об изменениях продолжительности операционного дня осуществляется Банком за 10 (десять) календарных дней до введения в действие соответствующих изменений путем размещения объявления в помещениях Банка и (или) на интернет-ресурсе Банка: www.nurbank.kz. Банк не несет ответственность за неосведомленность Клиента об изменении тарифов, изменениях продолжительности операционного дня Банка».</p> <p>4.2. За услуги, не относящиеся к платежным, а также за проведение международных платежей и (или) переводов денег Банк взимает комиссию в размере, действующем на дату оплаты таких Услуг.</p> <p>4.3. Размеры тарифов Банка за оказываемые Банком Услуги указаны на интернет-ресурсе Банка. Банк вправе в одностороннем порядке изменить размер комиссий, взимаемых при осуществлении международных платежей и (или) переводов денег, а также размер комиссий за услуги, не относящиеся к платежным услугам, с уведомлением Клиента за 10 (десять) календарных дней до введения в действие соответствующих изменений путем размещения объявления на интернет-ресурсе Банка: www.nurbank.kz и/или путем размещения объявления в помещениях Банка.</p> <p>4.4. Тарифы по платежным услугам могут быть изменены в сторону увеличения по соглашению Сторон в следующем порядке: информация об изменении тарифов с изменяемыми тарифами размещаются на интернет-ресурсе Банка www.nurbank.kz с уведомлением Клиента за 10 (десять) календарных дней до введения в действие соответствующих изменений путем размещения объявления в помещениях Банка и/или на интернет-ресурсе Банка: www.nurbank.kz. Непредставление Клиентом Банку письменного уведомления о несогласии с изменением тарифов по платежным услугам в сторону увеличения до вступления их в силу, означает согласие Клиента с изменением тарифов Банка и изменение тарифов считается согласованным Сторонами. Иное письменное подтверждение согласия Клиента не требуется. Банк не несет ответственность за неосведомленность Клиента об изменениях указанных тарифов.</p> <p>4.5. Оплата Услуг осуществляется Клиентом в пользу Банка путем списания Банком суммы комиссии со Счета Клиента, по которому проводится операция/оказывается Услуга, путем прямого дебетования этого Счета или путем внесения Клиентом требуемой суммы в кассу Банка, либо иными способами, предусмотренными законодательством</p>

<p>қажет етілмейді. Банк Клиенттің көрсетілген тарифтердің өзгеруі туралы хабардар еместігі үшін жауап бермейді.</p> <p>4.5. Банктің пайдасына Қызметтер үшін алынатын төлемдерді Шотты тікелей дебеттеу арқылы немесе талап етілген соманы Клиенттің Банк кассасына енгізуі арқылы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа тәсілдер арқылы, операция жасалатын/Қызметтер көрсетілетін Клиент шотының есебінен комиссия сомаларын шығару арқылы жүзеге асырады.</p> <p>4.6. Операция жүргізілетін/Қызметтер көрсетілетін Шотта ақша болмаған жағдайда, тікелей дебеттеу арқылы Клиенттің басқа кез келген Шотының есебінен Банк комиссияны шығара алады. Шоттан комиссияны шетел валютасында шешкен кезде операция Банк белгілеген және айырбас жасалған сәттегі нарықтық бағамға сай, қолма-қол емес айырбас түрінде жүргізіледі.</p> <p>4.7. Электронды банктік қызметтер дербес компьютерлердің, телефондардың, электронды терминалдардың және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа тәсілдердің көмегімен байланыс каналдары арқылы қашықтан көрсетіледі. Электронды банктік қызметтер Банктің интернет-ресурсында орналастырылған, Клиенттің аталған келісімшартқа қосылуы арқылы жасалатын, Жеке тұлғаларға «Интернет-банкинг» жүйесінде электронды банктік қызметтер көрсету туралы келісімшарттың негізінде (қосылу келісімшарты) жүргізіледі.</p> <p>4.8. Клиент SMS-хабарлама қызметіне қосылғаны үшін Банкке SMS-хабарлама қызметіне қосылуға өтініш берген/толтырған күні, SMS-хабарлама қызметі үшін төлем жасаған кезде қолданыста болған Банк тарифтерінде белгіленген мөлшердегі комиссияны Келісімшартта белгіленген тәртіпте төлейді.</p> <p>4.9. SMS-хабарлама қосылған күннен бастап 12 (он екі) ай өткенге дейін қандай да бір негіздерде SMS-хабарлама ажыратылған жағдайда, Клиент төлеген комиссия қайтарылмайды.</p>	<p>Республики Казахстан.</p> <p>4.6. В случае отсутствия денег на Счете, по которому проводится операция/оказывается Услуга, комиссия может быть списана путем прямого дебетования Банком любого другого Счета Клиента. При этом списание комиссии со Счета в иностранной валюте осуществляется в валюте Счета путем конвертации по установленному Банком и действующему на момент конвертации рыночному курсу обмена по безналичной конвертации.</p> <p>4.7. Электронные банковские услуги предоставляются удаленно по каналам связи посредством персональных компьютеров, телефонов, электронных терминалов и иными способами, не противоречащими законодательству Республики Казахстан. Электронные банковские услуги осуществляются на основании Договора о предоставлении электронных банковских услуг физическим лицам в системе «Интернет-банкинг» (договор присоединения), размещенного на интернет-ресурсе Банка, заключаемого путем присоединения Клиента к названному договору.</p> <p>4.8. За подключение к услуге SMS-уведомления Клиент в день подачи/заполнения заявления на подключение к услуге SMS-уведомления оплачивает в порядке, установленном Договором, комиссию в размере, установленном тарифами Банка, действующими на момент оплаты услуги SMS-уведомления.</p> <p>4.9. В случае если по любым основаниям SMS-уведомление будет отключено до истечения 12 (двенадцати) месяцев с даты его подключения, оплаченная Клиентом комиссия не возвращается.</p>
<p>5. Қызметтер көрсетудің жалпы шарттары</p> <p>5.1. Шот ашу және қызмет көрсету</p> <p>5.1.1. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк белгілеген тәртіпте барлық қажетті құжаттарды ұсынған жағдайда, Банк Келісімшартқа қосылу туралы Өтініш негізінде Клиентке Шот ашады.</p> <p>5.1.2. Келісімшарт пен Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Келісімшарт шеңберінде Клиент Келісімшартқа қосылу туралы Өтініш беру/толтыру арқылы бірнеше Шот ашуға құқылы. Клиент әрбір Шотқа жеке-жеке Келісімшартқа қосылу туралы Өтініш ұсынады.</p> <p>5.1.3. Банк Келісімшартқа қосылу туралы Өтініште көрсетілген валютада Клиентке Шот ашады және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Шот бойынша операциялар орындайды.</p> <p>5.1.4. Қолданыстағы комиссияларды және басқа төлемдерді, сондай-ақ Келісімшарт жасалған күні алыну дерегі белгісіз болған комиссиялар мен басқа төлемдерді есепке ала отырып, Банк Клиенттің жазбаша сұранысын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін қайта</p>	<p>5. Общие условия оказания Услуг</p> <p>5.1. Открытие и обслуживание Счета</p> <p>5.1.1. Банк осуществляет открытие Клиенту Счета на основании Заявления о присоединении к Договору при условии предоставления Клиентом всех необходимых документов в порядке, установленном Банком в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p> <p>5.1.2. В рамках Договора Клиент вправе открыть несколько Счетов путем подачи/заполнения Заявления о присоединении к Договору, за исключением случаев, установленных Договором и законодательством Республики Казахстан. На каждый Счет Клиент предоставляет отдельное Заявление о присоединении к Договору.</p> <p>5.1.3. Банк открывает Клиенту Счет в валюте, указанной в Заявлении о присоединении к Договору, и выполняет операции по Счету в соответствии с внутренними нормативными документами Банка, законодательством Республики Казахстан.</p> <p>5.1.4. Банк осуществляет перерасчет годовой эффективной ставки вознаграждения с учетом действующих комиссий и иных платежей, а также комиссий и иных платежей, факт взимания которых неизвестен на дату заключения Договора, в течение 3 (трех) рабочих дней с даты получения</p>

<p>санайды.</p> <p>5.1.5. Шотқа ақша енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Келісімшартта белгіленген тәртіпте жүргізіледі.</p> <p>5.1.6. Шотқа ақша қабылданған (енгізілген) кезде, Клиенттің Банкке алғаш жүгінгенде Банк Клиентке Шоттан үзінді-көшірмелер жіберу арқылы ақшаның қабылданғаны туралы хабарлайды.</p> <p>5.1.7. Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады, бұл 2004 жылдың 7 желтоқсанындағы № 010 Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне екінші деңгейдегі банктің қатысуы туралы куәлікпен расталады. Депозит Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру нысаны болып табылады. Банк Клиентті «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен нысан бойынша банктің интернет-ресурсында көрсетілген хабарламаны орналастыру арқылы хабардар етеді.</p>	<p>письменного запроса Клиента.</p> <p>5.1.5. Зачисление денег на Счет производится в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан и Договором.</p> <p>5.1.6. При принятии (зачислении) денег на Счет Банк извещает Клиента о принятии денег путем представления ему выписки со Счета при первом обращении Клиента в Банк.</p> <p>5.1.7. Банк является участником системы обязательного гарантирования депозитов, что подтверждается свидетельством об участии банка второго уровня в системе обязательного коллективного гарантирования (страхования) вкладов (депозитов) физических лиц от 7 декабря 2004 года № 010. Депозит является объектом обязательного гарантирования депозитов физических лиц в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Банк уведомляет Клиента о сроках и порядке выплаты гарантийного возмещения, предусмотренных Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», по форме, утвержденной Советом директоров АО «Казахстанский фонд гарантирования депозитов», путем размещения указанного уведомления на интернет ресурсе Банка.</p>
<p>5.2. Банктік ағымдағы шотқа қызмет көрсету</p> <p>5.2.1. Банк банктік ағымдағы шот бойынша келесі Қызметтер көрсетеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Клиент ақшасының болуын және оны Банктің пайдалануын қамтамасыз ету; 2) Клиенттің пайдасына ақша қабылдау (енгізу); 3) Келісімшартта және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған тәртіпте үшінші тұлғалардың пайдасына Клиенттің ақша аудару туралы нұсқауын орындау; 4) Қазақстан Республикасы заңдарында және (немесе) Келісімшартта қарастырылған негіздер бойынша үшінші тұлғалардың Клиенттен ақша алу туралы нұсқауларын орындау; 5) Келісімшарт пен Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған тәртіпте және шарттарда Клиенттен қолма-қол ақша қабылдау және беру; 6) Клиенттің талабымен, Келісімшартта қарастырылған тәртіп пен мерзімде Клиенттің Банктегі ақшасының сомасы және жасалған операциялар туралы ақпараттар беру; 7) Келісімшартта, Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған және іскерлік айналымда әдетіне қарай банктік ортада қолданылатын басқа да банктік қызметтерді Клиентке көрсету. <p>5.2.2. Клиенттің ЖСН болмаған жағдайда, оған ағымдағы банктік шот ашылмайды.</p> <p>5.2.3. Ағымдағы шот мерзімсіз уақытқа ашылады.</p>	<p>5.2. Обслуживание банковского текущего счета</p> <p>5.2.1. По банковскому текущему счету Банк оказывает следующие Услуги:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) обеспечение наличия и использование Банком денег Клиента; 2) прием (зачислением) денег в пользу Клиента; 3) выполнение указания Клиента о переводе денег в пользу третьих лиц в порядке, предусмотренном Договором и (или) законодательством Республики Казахстан; 4) исполнение указаний третьих лиц об изъятии денег Клиента по основаниям, предусмотренным законами Республики Казахстан и (или) Договором; 5) осуществление приема от Клиента и выдачи ему наличных денег в порядке и на условиях, предусмотренных Договором и законодательством Республики Казахстан; 6) предоставление по требованию Клиента информации о сумме денег Клиента в Банке и произведенных операциях в порядке и сроки, предусмотренные Договором; 7) осуществлением иного банковского обслуживания Клиента, предусмотренного Договором, законодательством Республики Казахстан и применяемыми в банковской практике обычаями делового оборота. <p>5.2.2. Банковский текущий счет не открывается в случае, если у Клиента отсутствует ИИН.</p> <p>5.2.3. Текущий счет открывается бессрочно.</p>
<p>5.3. Банктік арнайы (ағымдағы) шотқа қызмет көрсету</p> <p>5.3.1. Арнайы (ағымдағы) шот ашқан кезде Клиент Келісімшартқа қосылу туралы Өтінішті міндетті түрде арнайы (ағымдағы) шот ашудың мақсатын көрсетуі тиіс.</p> <p>5.3.2. Клиент Шот ашудағы мақсаты туралы Банкке хабарламаған жағдайда, үшінші тұлғалардың арнайы (ағымдағы) шоттан ақша алу туралы нұсқаулар орындағаны үшін жауапкершілікке тартылмайды.</p> <p>5.3.3. Банк Клиентке арнайы (ағымдағы) шотты теңгеде ғана ашады.</p>	<p>5.3. Обслуживание банковского специального (текущего) счета</p> <p>5.3.1. При открытии специального (текущего) счета Клиент обязательно должен указать в Заявлении о присоединении к Договору цель открытия специального (текущего) счета.</p> <p>5.3.2. Банк не несет ответственность в случае исполнения указаний третьих лиц об изъятии денег со специального (текущего) счета, если Клиент не уведомил Банк о цели открытия Счета.</p> <p>5.3.3. Специальный (текущий) счет открывается Банком Клиенту только в тенге.</p>

<p>5.3.4. Арнайы (ағымдағы) шот бойынша Клиент келесі істерге өз келісімін береді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Банктің Мемлекеттік корпорацияға арнайы (ағымдағы) шоттың нөмірі, арнайы (ағымдағы) шоттағы ақша қозғалысы туралы ақпараттар, сенімхат бойынша ақша алушылар туралы ақпараттар, арнайы (ағымдағы) шотты жабу туралы ақпараттар мен басқа мәліметтер беруге, үшінші тұлғаларға зейнетақы мен жәрдемақы төлемдері берілетін сенімхаттардың көшірмелерін беруге, егер Шот Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған зейнетақыны/жәрдемақыны/ұсталған ақшаны аудары мақсатында ашылған болса; - Банктің Мемлекеттік корпорацияға зейнетақы жинақтаушы қорына немесе «Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қор» АҚ-ға аударылатын міндетті зейнетақы жарналардың аударымдары туралы мәліметтер, зейнетақы мен әлеуметтік төлемдер туралы ақпараттар туралы беруге; - Клиент (зейнетақы, жәрдемақы алушы) қайтыс болғаннан кейін немесе Клиент тұрақты түрде тұру мақсатында Қазақстан Республикасынан тыс жерге шыққаннан кейін Мемлекеттік корпорация артық ақшаны қателесіп аударған, төлемдер жасаудың негіздер тоқтатылған және жоғалған жекелеген жағдайларда, сондай-ақ асыраудағы адам қайтыс болған жағдайда, Мемлекеттік корпорация ақшаны қайтару туралы талаптары мен растайтын құжаттарды берген жағдайда, арнайы (ағымдағы) шотты тікелей дебеттеу арқылы арнайы (ағымдағы) шоттан ақша алуға. <p>Мемлекеттік корпорация Банктің формасында беретін әлеуметтік төлемдердің жағдайы мен қозғалысы туралы, зейнетақы төлемдерінің саны мен орташа сомасы туралы ақпараттарды Банктің алуына жазбаша келісімін Клиент қосымша ретінде береді.</p>	<p>5.3.4. По специальному (текущему) счету Клиент дает свое согласие на:</p> <ul style="list-style-type: none"> - предоставление Банком в Государственную корпорацию информации о номере специального (текущего) счета, движении денег по специальному (текущему) счету, информации о получателях денег по доверенности, информации о закрытии специального (текущего) счета и иных сведений, предоставление копии доверенностей, по которым производится выплата пенсий и пособий третьим лицам, если Счет открывается для зачисления пенсий/пособий/ удержаний, предусмотренных законодательством Республики Казахстан; - предоставление Банком сведений в Государственную корпорацию об отчисляемых обязательных пенсионных взносах в накопительные пенсионные фонды или АО «Единый накопительный пенсионный фонд», информации о пенсионных и социальных выплатах; - изъятие со специального (текущего) счета денег путем прямого дебетования специального (текущего) счета в случае ошибочного зачисления, излишне перечисленных Государственной корпорацией денег после смерти Клиента (получателя пенсий, пособий), либо после выезда Клиента на постоянное место жительства за пределы Республики Казахстан, в отдельных случаях прекращения и утраты оснований для выплаты, а также в случае смерти иждивенцев, при предъявлении Государственной корпорацией требования о возврате денег и подтверждающих документов. <p>Клиент дополнительно предоставляет письменное согласие на получение Банком информации, предоставляемой Государственной корпорацией о состоянии и движении социальных выплат, о количестве и средней сумме пенсионных выплат, по форме Банка.</p>
